



**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ИНСТИТУТЫ**



**«БЕКТЕМІН»**

Әлеуметтік және тәрбие істері  
жөніндегі проректор м.а.

Р.Бегалиева

«06» \_\_\_\_\_ 2020 жыл

**2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНА  
ҚОҒАМДЫҚ КӘСІПТЕР ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫ  
МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІНІҢ  
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

Х.Фахридинова  
Продюсер

Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы Мәдениет бөлімі 2019-2020 оқу жылында жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс атқарды. Барлық көрсетілген іс-шаралардан басқа қалалық, облыстық деңгейдегі байқауларға қатысып, өнерпаз студенттердің шығармашылығын шыңдауда елеулі істер атқарылды. Әрбір мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламалар тағы басқа жоспардан тыс өтініштер мен тапсырыстарға байланысты іс-шараның барлығына Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы Мәдениет бөлімі қызметкерлері толығымен атсалысып, қатысып отырды.

Студенттерді мәдени іс-шараларға баулу, талаптандыру, шығармашылығын шыңдау негізінде Мәдениет бөлімі жан-жақты дайындық жасау жұмыстарын орынды жолға қойған. Бөлімде 5 үйірме жұмыс жасайды:

№	Үйірме атауы	Үйірмеге қатысушы студенттер саны	Үйірме жетекшісі
1.	Эстрада үйірмесі	14	Хадиша Шалабаева
2.	Би үйірмесі	17	Қуат Таукеев Ләззат Ергебекова
3.	Дефиле үйірмесі	26	Марат Ерiмбетов Мақпал Туреханова
4.	Айтыс үйірмесі	17	Бiржан Байтуов
5.	Домбыра үйірмесі	25	Роза Сырайлова

**Эстрада үйірмесі** сахналық мимика, қимыл-қозғалысы, дауыс ерекшелігі, микрофонмен жұмыс істеу, фонограмманы пайдалану т.б. шеберліктеріне жаттықтырады.

**Вокал үйірмесі** эстрада жанрының жан-жақты стильдерімен таныстыра отырып, әр түрлі стильдегі орындау шеберлігін шыңдайды.

16.10.2019 ж. Вокал үйірмесінің мүшесі, Кәсіптік шығармашылық факультетінің 4-курс студенті Рәзия Әуезхан Алматы қаласында «Жас Дарын» республикалық ән байқауының жүлдегері атанды. Өнерлі жас байқаудың «Эстрадалық ән» номинациясының Бас жүлдесін жеңіп алды.

Сонымен қатар, оқу ордамызда студенттер арасынан «ОҚМПУ құрамасы» Жайдарман тобы құылған. Команда студенттерді ой жүйріктігі мен тіл жүйріктігін сахна мәдениеті мен ұштастыруды, тапқырлыққа, ойшылдыққа баули отырып әзіл мен сатиралық әртіс машығын жетілдіреді. Қазіргі заман талабын, тарихымызды, саясаттың бағыттарын ұғынып, соны балама тілмен жеткізе білуге үйретеді.

07.02.2020 ж. Қазақстан КВН Одағы Республикалық Жастар Қоғамдық Бірлестігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен Жайдарман

ойынының «Маусымашар» сайысында «ОҚМПУ құрамасы» Жайдарман тобы өнер көрсетіп, Премьер Лига ойындарына жолдама алды.

**Би үйірмесі** студенттерді халық билерінің элементтері, классикалық, академиялық қимыл-қозғалыстарына үйретеді және сахнада топпен синхронды билеуге дайындайды.

07.02.2020 ж. Елордада өткен «Талапқа сай би» фестивалінде университетіміздің «Яссы» би тобы бас жүлдені иеленді. Түрлі факультетте оқитын 10 бойжеткен студентіміз сахнада өз шеберліктерін жан-жақты көрсете білді. Өнер сайысын өткізуге халықаралық хореография ассамблеясы ұйытқы болды. Оның мақсаты талантты бишілерді табу, олардың өнерін дамытуға қолдау білдіру және хореографиялық шеберліктерін шыңдау. Қазылар алқасы фестивальге қатысқан би топтарын орындаушылық шеберлігі, ұсынған номерлерінің композициялық құрылымы мен қимылдарындағы пластикаға қарай саралады.

**Дефиле үйірмесі** әлемдік сән индустриясы талаптарына сәйкес параметрдегі қыз-жігіттермен жұмыс істейді. Киім сән үлгілерін көрсету өнерінің жан-жақты қыр-сырларын үйретеді. Сахналық мимика, сахналық дефиле, жұмыс траекторияларын шыңдайды.

18.10.2019 ж. Шымкент қалалық отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасы «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен Жастар жылы жобасы аясында «Алтын қайшы» жас дизайнерлер арасындағы байқауға оқу ордамыздың «Ақбаян» студенттік сән театры қатысып, нәтижесінде «Прет-а-порте» номинациясы бойынша «Жігерлі жастар» коллекциясымен Филология факультетінің 3-курс студенті Гаухар Төлбасы 1-орын иегері атанды. Жетекшісі – халықаралық дәрежедегі дизайнер, Дефиле үйірмесінің жетекшісі Марат Ерімбетов.

**Домбыра үйірмесі** жоғарғы көркем мазмұндағы репертуарды жетілдіруіне және концерттік шараларда ақындар нөмірлеріне сапалы түрде дайындықты жүргізуге, шығармашыл студенттердің басын қосып, шығармашылықтарын одан әрі шыңдау, мәдени-әдеби және рухани мазмұнда іс-шаралар ұйымдастыруға міндеттенеді.

**Айтыс үйірмесі** шығармашыл студенттердің басын қосып, шығармашылықтарын одан әрі шыңдайды. Жастарға шығармашылық қызмет көрсету жұмысының әртүрлі құралдары, нысандары мен әдістерін қолдана отырып студенттік жылдардың мазмұнды да қызықты өтуін қамтамасыз етеді.

12.12.2019 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Жастар жылы жобасы аясында және ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз елдің жастары» атты республикалық жас ақындар айтысы өтті. Айтыстың Бас жүлдесін оқу орнымыздың Филология факультетінің 4-курс студенті, айтыс үйірмесінің мүшесі Нұрғали Әнапия иеленді. Жүлде қоры – 1 000 000 теңге.

Университеттің мәдени іс-шаралары мен жоспардан тыс іс-шараларын ұйымдастыруда үйірме мүшелері толығымен жұмылдырылды. Эстрада үйірмесінің мүшелері әрбір мерекелік іс-шараларға арнайы дайындықтап өтіп, тақырыпқа сай әндерге фонограммалар жаздырып, сахнаға жіберілді. Дефиле үйірмесі оқу жылының басынан бастап, арнайы параметрге сәйкес студенттер арасынан қыз-жігіттер топтастырылып өз деңгейінде жұмыс жасалынды. Сән индустриясының талаптарына сай жоспар жасалынып, сол жоспар негізінде сахнаға дайындалынды. Ал Айтыс үйірмесі, Домбыра үйірмесі, Би үйірмесінің студенттері де мерекелік концерттерде өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді.

**Мәдениет бөлімінде жыл бойы өткізілген мәдени іс-шараларды атап өтсек:**

01.09.2019 ж. Білім күніне арналған мерекелік концерт өтті. Оңалбай Аяшұлы мен Баршагүл Қашқынқызы барша ұстаздар мен студенттерді Білім күнімен құттықтап, арманшыл жастарға жарқын болашақтың «алтын кілті» мен сапалы өмірдің бастамасы, білім атты дархан жолдың жолдамасы ретінде «сынақ кітапшасын» тапсырды.

02.09.2019 ж. үлкен мәжіліс залында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыс өтті.

18.09.2019 ж. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын насихаттау және түсіндіру бойынша семинар өтті.

24.09.2019 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 1-2-курс шетел студенттерімен кездесу өтті. Кездесуге Өзбекстанның Қазақстандағы Бас консулы Аброр Фатхуллаев, Қазақстан Республикасы өзбектері этномәдени бірлестіктері «Дустлик» қауымдастығының төрағасы Икромжон Хашимжанов қатысты.

25.09.2019 ж. 213-аудиторияда Жаратылыстану факультетінің белсенді студенттерін марапаттау және 1-курс студенттеріне арналған концерт өтті.

26.09.2019 ж. 314-аудиторияда «Жас Отан» Жастар қанатының 1-курсстарға арналған арнайы концерті өткізілді.

27.09.2019 ж. 307-аудиторияда «Лотус» қыздар клубының ашылу салтанаты өтті.

02.10.2019 ж. «Ұстазым – үлгі-өнеге, ұлағатым» атты ұстаздар және ардагерлер күніне арналған мерекелік концерт өтті. Ұстаздардың мерейлі мерекесі қарсаңында университет басшылығының Алғыс хатымен профессор-оқытушылар құрамы марапатталды.

08.10.2019 ж. №2 жатақхана «Ұстаздар – ұлы тұлғалар» атты іс-шара өтті.

10-11.10.2019 ж. үлкен мәжіліс залында ҚР оңтүстік аймақтық жетекші мектептерінің «Жаңару жаршысы – 2019» атты I Форумы өтті.

17.10.2019 ж. «Қазақстан халықтарының Еуразиялық музыкалық кеңістіктегі этнотолеранттылығын қалыптастырудағы көркем шығармашылық мүмкіндіктері» атты халықаралық арт-симпозиум өтті.

31.10.2019 ж. ОҚМПУ ректоры Каирбекова Анар Мерекеевна студент жастармен кездесті.

19.11.2019 ж. Филология факультетінің студенттер күніне орай ұйымдастырған мерекелік концерті өтті.

19.11.2019 ж. Шымкент қаласы Ішкі саясат және дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-мен біріге отырып, 221-аудиторияда «Діни экстремизмнің алдын алу және діни сергектік» тақырыбында кездесу өтті.

22.11.2019 ж. Жаратылыстану факультетінің ұйымдастыруымен ашық есік күні өтті.

29.11.2019 ж. Тұңғыш Президент күніне арналған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты жиын өтті.

12.12.2019 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Жастар жылы жобасы аясында және ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз елдің жастары» атты республикалық жас ақындар айтысы өтті. Айтыстың Бас жүлдесін оқу орнымыздың Филология факультетінің 4-курс студенті, айтыс үйірмесінің мүшесі Нұрғали Әнапия иеленді. Жүлде қоры – 1 000 000 теңге.

13.12.2019 ж. Студенттер үйі алаңында «Менің туым – Менің Отаным» атты акциясы негізінде ҚР мемлекеттік рәмізі – Туды салтанатты көтеру рәсімі өтті.

13.12.2019 ж. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – теңдігім, егемендік – ерлігім» атты мерекелік концерт өтті.

20.12.2019 ж. Көркемсурет галереясында ҚР-ның Құрметті ұстазы, ОҚМПУ-дың «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының магистр, аға оқытушысы, Бейнелеу өнері үйірмесінің жетекшісі Халықов Алмас Шулезбайұлының «Дала үні» жеке шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

24.12.2019 ж. «Нұрсәт» мөлтекауданында университетіміздің жаңа салынған жатаханасының ашылу салтанаты өтті. 241 орынға лайықталған жайлы ғимаратқа Жаратылыстану факультетінің студенттері жайғасты. Студенттерге арналған ғимаратты қала әкімі Ерлан Айтаханов салтанатты түрде ашты.

26.12.2019 ж. №2 Студенттер үйінде «Жаңа Жыл» мерекелік іс-шарасы өтті.

06.03.2020 ж. «Әлемнің көркі – әйелде» атты Халықаралық Әйелдер күніне арналған мерекелік концерт өтті.

30.04.2020 ж. 1 мамыр – Халықтар достығы күніне орай оқу ордамызда онлайн айтыс өтті. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Айтыс үйірмесінің жетекшісі Біржан Байтуов пен облыстық, республикалық айтыстардың жеңімпазы, Айтыс үйірмесінің мүшесі, Филология факультетінің студенті Нұрғали Әнапия айтысты.

06.05.2020 ж. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне арналған ҚР Мәдениет қайраткері Хадиша Шалабаева мен саксофонист Нұржан Баймахановтың онлайн концерті өтті.

27.05.2020 ж. Әлеуметтік тәрбие істері жөніндегі проректор м.а. және Мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты онлайн байқау өткізілді. Нәтижесінде Филология факультетінің студенті Оразбек Анар Бас жүлдені жеңіп алды.

1-орын – Педагогика-гуманитарлық факультетінің студенті Сандыбай Аида  
2-орын – Филология факультетінің студенті Махашов Бақжан  
3-орын – Жаратылыстану факультетінің студенті Дихан Диана  
Сонымен қатар, байқауда белсенділік танытып, студенттерді жоғары деңгейде дайындағаны үшін тәлімгерлер де алғыс хаттармен марапатталды.

27.05.2020 ж. Дархан Джумаевпен вокал сабағынан онлайн мастер-класс өтті.

04.06.2020 ж. Жастар саясаты бөлімімен біріге отырып, «Отансүйгіштік – жастарға артылған негізгі жауапкершілік» тақырыбында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Өміртай Амалбек Дәркенұлымен онлайн кездесу ұйымдастырылды.

### **Шешімін таппай отырған мәселелер:**

Мәдениет бөлімінің жұмысын алға бастыру мақсатында үйірмелерді керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

- 1) Би үйірмесіне арнайы костюмдер тіккізу;
- 2) Үйірмелер класына қажетті музыкалық аспаптармен қамтамасыз ету.

**Қорытынды:** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы Мәдениет бөлімі 2019-2020 оқу жылында өз деңгейінде жұмыс жасады. Жоғарыда көрсетілген мәселелер шешімін тапса, жұмыс сапасы бұдан да жоғарылайтындығына сенім білдіремін.

**Продюсер**

**Х.Фахридинова**